



Президент Жарлығымен Ким Сонг Кёнг II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен елдің жоғары білім беру саласын дамытуға қосқан үлесі үшін Woosong білім беру қорының Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Ким Сонг Кёнг II дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды.

Марапатты ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек табыстады.

Айта кетейік, кеше Мемлекет басшысы Woosong білім беру қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Ким Сонг Кёнгты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда Woosong университетінің әлемдік білім беру талаптарына сай келетін филиалын ашқаны үшін Ким Сонг Кёнгке ризашылығын білдірді.

Биыл Түркістан қаласында Корея Республикасының жетекші жоғары оқу орындарының бірі саналатын Woosong University Kazakhstan университеті ашылды. Бұл – тарихи оқиға әрі Қазақстан мен Корея Республикасы арасындағы білім және ғылым саласындағы стратегиялық ынтымақтастықты нығайту жолындағы маңызды қадам.

Жаңа университет тек білім ордасы ғана емес, сонымен бірге халықаралық ынтымақтастықтың, инновациялардың және жоғары білікті мамандарды даярлаудың орталығына айналмақ. Бұл мамандар еліміздің зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға елеулі үлес қосады.

Энергетика министрлігі бензин мен газ бағасына қатысты шағымдарды қабылдайтын желі ашты

Энергетика министрлігі бензин мен дизель отынына қойылған бағалық мораторийдің бұзылуы, сондай-ақ кейбір жанармай құю станцияларындағы сұйытылған мұнай газының (автогаздың) қолжетімділігі бойынша азаматтардың өтініштерін тіркеп жатыр.

Бұл туралы бүгін министрліктің баспасөз қызметі хабарлады.

– Министрлік Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен және өңірлік штабтармен бірлесіп, алыпсатарлық пен отынның жасанды тапшылығын туғызуға бағытталған кез келген әрекеттерге қатаң тосқауыл қояды. Бензин мен дизель отыны бойынша министрлік барлық қажетті отын көлемі өңірлердің өтінімдеріне сәйкес



жөнелтіліп, мұнай базаларында сақталып тұрғанын атап өтеді. Тапшылыққа себеп болатын объективті факторлар жоқ, – деп мәлімдеді министрліктің баспасөз қызметі.

Сұйытылған мұнай газы бойынша өндіруші зауыттардың бірінде жүргізілген жоспарлы жөндеу жұмыстары министрлік тарапынан алдын ала ескеріліп, жоғары

сұраныс байқалатын өңірлер үшін қосымша көлемдер бөлінді. Сондықтан кейбір газ құю бекеттеріндегі кезектер жүйелі тапшылықпен емес, ішкі бөлу және логистика мәселелерімен байланысты.

– Егер сіз АИ-92 маркалы бензин бағасының негізсіз қымбаттауы немесе АЖҚС-та отынның болмауы сияқты жағдайларға тап болсаңыз, жедел желі телефонына хабарласуыңызды сұраймыз: +77018550248. Қоңыраулар тәулік бойы 24/7 форматында қабылданады. Әрбір өтініш мұқият қаралып, расталған жағдайда адал емес нарық қатысушыларына қатысты тиісті шаралар қабылданады, – делінген хабарламада.

Швейцариялық инвесторлар Қазақстанның ауыл шаруашылығына 700 млн доллардан астам қаржы құяды

Швейцариялық Harvest Agro компаниясы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешіне 700 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция салмақ. Бұл туралы компанияның бас директоры Даулет Увашев KGIR-2025 форумы аясында мәлімдеді.

Harvest Agro 2022 жылдан бастап Қазақстан нарығында жұмыс істеп келеді. Компания жер және элеватор сатып алып, Қызылорда облысында жобаның алғашқы кезеңін жүзеге асыруға кіріскен. Алғашқы кезеңде 20

мың гектар алқапта техникалық кенеп, жүгері және соя дақылдары өсіріледі.

«Біздің инвестор–Швейцария компаниясы. Біз Қазақстанда 8–9 облыста жалпы көлемі 300 мың гектар суармалы жерді игеруді жоспарлап отырмыз», – деді Даулет Увашев.

Жобаның екінші кезеңі 2026 жылдан басталады. Бұл кезеңде Алматы, Абай, Жетісу және Шығыс Қазақстан облыстарында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін зауыттар салынып,

әр өңірде 50 мың гектардан жер игеру көзделіп отыр.

Компания басшысының айтуынша, әкімдіктермен бірқатар меморандумдарға қол қойылып, бизнес-жоспарлар мен қаржылық модельдер дайындалған. Өндірілген өнімнің басым бөлігі ішкі нарыққа жеткізілсе, бір бөлігі экспортқа шығарылады.

«Біз соя концентратын, аминқышқылдарын өндіреміз. Ал шрот пен күнжара мал азығына жұмсалады.

Қазақстан оқушылары Панамада өткен робототехникадан әлемнің төрт дүркін чемпионы атанды

Қазақстанның ұлттық робототехника құрамасы Панама-Ситиде өткен FIRST Global Challenge (FGC) 2025 дүниежүзілік олимпиадасында қатарынан төртінші рет жеңімпаз атанды.

Бұған дейінгі жылдары Қазақстан құрамасы Женевада (2022), Сингапурда (2023) және Грекияда (2024) өткен жарыстарда да бірінші орынды иеленген. Осылайша, еліміз тарихта алғаш рет FGC турнирінің төрт дүркін чемпионы атанды. Бұл жетістік халықаралық STEM-білім беру саласында теңдессіз көрсеткіш саналады.

Биылғы олимпиадаға әлемнің 190 елінен командалар қатысты. Қазақстандық оқушылар екі ең беделді



аталымда алтын медаль жеңіп алды:

– Grand Challenge Award (алтын)–роботтардың іріктеу

ойындарында рекорд орнатып, абсолюттік чемпион

болған командаға берілетін басты жүлде;

– Albert Einstein Award (алтын)–инженерлік шешімдер, техникалық шеберлік, командалық жұмыс және көшбасшылық көрсеткіштері бойынша үздік командаға тағайындалатын ең жоғары төрешілер сыйлығы.

Министрлік мәліметінше, бұл жетістік қазақстандық білім беру жүйесінде инженерлік және технологиялық бағыттарды дамытуға ерекше серпін береді. Ел командасының табысы мектеп оқушыларының жоғары техникалық дайындық деңгейін және халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін дәлелдейді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Заманауи спорттық-сауықтыру кешені ашылды

Аудан орталығы Шолаққорған ауылында заманауи талаптарға сай жабдықталған 200 орындық спорттық-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Жаңа нысанның ашылуына Түркістан облысының әкімі Нұрлан Көшеров қатысып, аудан тұрғындарын қуанышты

спорт алаңы, 5 футбол манежі бар. Біз спортқа қолдау көрсетуді жалғастыра береміз. Себебі ұлт денсаулығы—ең басты байлық. Осы заманауи кешенде жаттыққан балалар арасынан Олимпиада, әлем чемпиондары шыға берсін!—деді Нұрланхан Көшеров.

манауи спорт кешенінде волейбол, күрес, аралас жекпе-жек, бокс залдары бар. Тағы бір ерекшелігі — жабық бассейн орналасқан. Нысанның ауласында да тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған шынығу алаңы, баскетбол және футбол алаңдары қарасты-



оқиғамен құттықтады.

— Бүгін Созақ төрінде қуанышты сәтте жолығып тұрмыз. Баршаңызды заман талабына сай жаңа спорт кешенінің ашылуымен құттықтаймын! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауларында бұқаралық спортты дамытуды, халықтың денсаулығын нығайтуды тапсырды. Президент тапсырмасына сәйкес облыста спорт инфрақұрылымын жетілдіру бағытында жұмыстар жүріп жатыр. Жаңа спорт нысандары ашылып, жастардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуда. Биыл 102 спорт нысанын салу жоспарланса, 40 нысанның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Олардың арасында ескек есу каналы, 5 спорт кешені, 9 спорт зал, 18

Облыс әкімі спорт кешенін аралап көріп, жас спортшылармен кездесті. Доп сыйлап, спортта жеңісті жол тіледі.

Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов пен ел ағалары сөз сөйлеп, спорт кешенінің ел игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді. Бокстан әлем чемпионы Біржан Жақып пен белгілі футболшы Таңат Нөсербаев бастаған спортшылар да нысанға жоғары баға берді.

Жоба «Ауыл—Ел бесігі» жобасы аясында жүзеге асырылды. Жалпы аумағы 3 гектар болатын кешеннің оқу-жаттығу базасы заманауи стандарттарға толық сай келеді. Нысан бір мезетте 100 спортшыға дейін қабылдай алады. 200 орындық за-

рылған. Кешен тек кәсіби спортшылардың емес, бұқаралық спортпен айналысатын жастар мен тұрғындардың да салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді.

Ашылу салтанатынан соң ересектер арасында кіші футболдан республикалық турнир басталды. Сайыста өліміздің түрлі өңірлерінен келген 13 команда бақ сынасты.

Айта кетейік, бүгінде Созақ ауданында бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда ауданда 2 спорт мектебі мен 1 спорт клубы жұмыс істейді. Бұқаралық спортпен шұғылданушылардың саны 24 мың адамнан асып, аудан халқының 41 пайызын құрап отыр.



Төтенше жағдайлар бөлімі жаңа жабдықтармен толықты

Созақ аудандық төтенше жағдайлар бөлімі заманауи құтқару құрал-жабдықтарымен толықты. Арнайы техникаларды аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков табыстады.

Жаңа гидравликалық-құтқару кешенінің құрамына бензинмен жұмыс істейтін гидравликалық станция, әмбебап қысу-қию насадкасы, гидравликалық қайшысы, катушка-ұзартқышы және екі жақты әмбебап домкрат бар. Барлық құрылғылар арнайы қол сорғысымен және манометр адаптерімен толық жасақталған.

Аталған жабдықтар төтен-

ше жағдай кезінде адамдарды құтқару, көліктер мен қирандылар астынан шығару, сондай-ақ апатты жағдайлардың салдарын жою жұмыстарын қауіпсіз әрі жедел орындауға мүмкіндік береді.

Аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы — «Қауіпсіздік қоғамның басты басымдығы. Сондықтан құтқарушылардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше мән беріп келеміз. Бұл құрал-жабдықтар төтенше жағдайлардың алдын алу мен жедел әрекет ету сапасын арттырады», — деді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қоғамдық бақылау жүргізілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің бастамасымен Созақ ауданы әкімі аппаратының өтініштердің қарауын бақылау

латын мемлекеттік қызметтердің жағдайымен танысып, қызмет алушыларға арналған қабылдаудың сапалы ұйымдастырылуы, өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы және бақылау барысын-



және құжаттандырумен қамтамасыз ету бөлімшесінің бас инспекторы С.Қарабаев, Созақ аудандық “Демеу” мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Б.Смахова Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында қоғамдық бақылау жұмысы жүргізілді. Бақылау барысында бөлім аппараты тарапынан ұсыны-

да көрсетілетін қызметтердің қол жетімділігімен анық ақпараттың болуы, ғимараттың дабыл батырмаларының іске жарамдылығы және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдайлардың болуы т.б. мәселелері қаралып, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиісті деңгейінде ұйымдастырылуы бойынша ұсынымдар берілді.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Аудан басшысы жаңа кітапхана мен тұрғын үй құрылысының барысын бақылады



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков аудан орталығында мәдениеттің маңызды ордасына айналатын жаңа кітапхана ғимаратының құрылыс жұмыстарымен танысты.

Заманауи талаптарға сай бой көтеріп жатқан нысанда оқу залдары, ақпараттық ресурстар орталығы, балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы бөлімдер

қарастырылған. Құрылыс алаңының жалпы аумағы 2 536 шаршы метрді, ғимараттың өзі 496 шаршы метрді құрайды. Сонымен қатар жобада асфальтталған жолдар, көгалдандыру және жарықтандыру жүйелері, жасыл аймақтар, кіреберіс алаңы мен автотұрақ орындары толық қамтылған. Кітапхана құрылысы өңірдің климаттық және сейсмикалық ерекшеліктері ескеріле отырып жүргізілуде.

Сонымен қатар, Жеткіншек мөлтек ауданында жеке инвестордың қаржысы есебінен салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс барысымен де танысты.

Аудан басшысы нысандарда атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына ерекше назар аударып, құрылыс талаптарының сақталуын тапсырды.

Оқыту семинары өтті

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы аудан бойынша 38 учаскелік сайлау комиссиясының төраға, орынбасар және хатшыларына «Сайлау процесін өткізудің ұйымдастырушылық аспектілері мен тәжірибесі» тақырыбында оқыту семинарын өткізді. Мақсаты: Учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерінің сайлау процесін ұйымдастыру және өткізу барысындағы қажықтық, ұйымдастырушылық және



тәжірибелік білімін арттыру. Міндеттері: •Сайлау заңнамасының негізгі қағидаттарымен және талаптарымен таныстыру; •Сайлау күні учаскеде атқарылатын іс-қимылдардың реттілігін түсіндіру; •Дауыс беру процесінің ашықтығы мен әділдігін жетілдіру; •Дауыс беру процесінің ашықтығы мен әділдігін жетілдіру; •Сайлау комиссиясы мүшелерінің өзара іс-қимыл тәжірибесін жетілдіру. Семинар бағдарламасы: 1.Сайлау процесінің маңыздылығы туралы қысқаша ақпарат. 2.ҚР сайлау заңнамасының жаңашылдықтары; 3.Учаскелік сайлау комиссиясының міндеттері мен жауапкершілігі. 4.Дауыс беру мен бюллетеньдерді санау тәртібі; 5.Актілер мен хаттамаларды толтыру үлгілері. 6.Тәжірибе алмасу; 7.Бұрынғы сайлаулардан алынған тәжірибелер мен кездескен мәселелерді талқылау. Қатысушылар сайлау процесін ұйымдастырудың нақты тәртібін меңгеріп, учаскеде өз міндеттерін заңға сай атқару дағдыларын жетілдірді.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Түзетіліп оқылсын!

Аудандық «Созақ үні» газетінің 2025 жылғы 1 қараша №78 санының бірінші бетінде жарияланған «Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының қараша айының 5-6 күндері Қаратау, Қарақұр, Созақ, Сызған ауылдық округтерінің халқымен кездесуі» мәтініндегі «қараша айының 5-6 күндері» деген жолдар «6-7 қараша күндері» деп түзетіліп оқылсын.

Білім мен тәрбие—қоғамның рухани тірегі, ұлттың мәңгілік капиталы. Сол жолда өмірін аянбай арнаған ұстаздың есімін дәріптеу—өскелең ұрпаққа өнеге, көйінгіге аманат.

Осы мақсатта Созақ ауданы Аққолтық ауылында орналасқан Ш.Уалиханов атындағы орта мектепте ұзақ жылдар білім саласында еңбек еткен ардагер ұстаз, «Білім беру ісінің үздігі», Созақ ауданының Құрметті азаматы Нұралы Ділдабекұлының есімі «Көркем еңбек» (ұлдар) дәрісханасына берілді.

Нұралы Ділдабекұлы 1954 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Жартытөбе ауылында дүниеге келген. 1967-1970 жыл-



Ұстазға құрмет-ұрпаққа өнеге

дар аралығында Аққолтық ауылындағы Ш.Уалиханов атындағы 8 жылдық мектепте білім алған. 1967-1970 жылдары Жартытөбе ауылындағы Октябрьдің 50 жылдығы атындағы орта мектепті тәмамдап, 1970 - 1974 жылдары «ПМК-23» мекемесінде еңбек жолын қаржылышы болып бастаған. 1976 - 1978 жылдары Совет армиясы қатарында әскери борышын өтеген. 1981 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың Мемлекеттік дене тәрбиесі институтына түсіп, 1986 жылы «дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша диплом иеленген. 1979 жылдан бері үздіксіз 40 жыл бойына Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектебінде алғашқы әскери даярлық және дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі болып қызметін атқарып, шәкірттерінің тұлға бойына әскери мамандыққа, спортқа, тәртіп пен отансүйгіштікке деген рух сіңірді. Қырық жылдан астам уақыт бойы ұстаздық қызметте болып, өскелең ұрпақтың тәлім тәрбиесіне өзіндік мол үлесін қосты.

Өзінің жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігі арқасында ұжым мен қоғамда зор бе-

делге ие болды. Білім мен тәрбие ісіне қосқан үлесі үшін ол бірнеше мәрте аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие болған. Нұралы Ділдабекұлы—«ҚР Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы. Сондай-ақ, ел жастарын Отан қорғауға даярлаудағы еңбегі үшін түрлі медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ұстахана—еңбек пен өнер ордасы. Мектеп ұжымы ардагер ұстаздың өнегелі жолын мәңгі есте қалдыру мақсатында оның есімін мектептегі «Көркем еңбек» (ұлдар) дәрісханасына беруді жөн көрді. Бұл дәрісхана—оқушыларды еңбекке баулуға, техникалық шығармашылыққа үйретуге арналған тәжірибелік білім ордасы. Дәрісхана заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталып, қабырғаларына ардагер ұстаздың өмір жолы мен жетістіктері бейнеленген арнайы стендтер орнатылған. Аталған стендтер мен құрал-жабдықтарды ардагер ұстазымыздың ұлы Алмас Нұралыұлы арнайы демеушілік жасап, дәрісханаға орнатып берді. Сондай-ақ,

дәрісхананы толығымен жөндеуден өткізіп, ақтау сыйлау жұмыстарын да өз қаражатына жасады.

Мұнда әрбір оқушы ұстаз еңбегінің құндылығын сезініп, еңбекқорлық пен табандылықтың мәнін ұғына алады. Дәрісхананың ашылу рәсіміне мектеп әкімшілігі, ардагер ұстаздар, Нұралы Ділдабекұлының туыстары, үзеңгілес замандастары мен шәкірттері қатысып, жылы лебіздерін білдірді. Іс-шара барысында ұстаздың еңбек жолы мен адамгершілік қасиеттері жайлы естеліктер айтылып, білім ошағының өнерпаз оқушылары жиналған шара қонақтарына мерекелік көңіл-күй сыйлады. Ұлағатты есім—мәңгілік өнеге! Ардагер ұстаздың өнегелі өмірі—өскелең ұрпаққа үлгі, ұлт руханиятына қосқан үлесі—ұмытылмас мұра.

Ұстаздың есімі берілген дәрісхана—еңбектің, ізденістің және ұстаздық рухтың ордасына айналмақ,—деген сеніміміз мол. Мектеп ұжымының бұл игі бастамасы—өткенге тағзым, бүгінгіге үлгі, ертеңге өнеге!

Құрмаш КЕРІМҚҰЛОВ.

Жасанды интелектің пайдалану тиімділігі

“Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін” КММ базасында 24.10.2025 жылы облыстық семинар болып өтті. Роботтар және STEM өнер көрмесімен ашылу салтанаты болды. Семинарға облыстық, аудан мектептерінен информатика пән мұғалімдері қатысты. Мақсаты: мұғалімдер Quizbot платформасында жасанды интелектің тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, тапсырмалар мен тесттерді автоматты түрде құрастыру, тексеру және талдау мүмкіндіктерін меңгерту. Облыстық білім беруді дамыту орталығының әдіскері Д.Саипов “Жасанды интелект Quizbot платформасының тиімділігі мен ерекшеліктері” тақырыбында баяндама жасады. Оқушылардың білім сапасын көтеруді жасанды интелектің ролі туралы бірнеше мағлұматтар жасады. Ұстаздар тәжірибе алмасу мақсатында бірнеше ашық сабақтар берді. Ә.Молдағұлова мектебінің информатика мұғалімі К.Жауынбай “Желідегі қауіпсіздік” тақырыбында 8 а сыныбына, Ы.Ал-



тынсарин мектебінің информатика мұғалімі Компьютер құнын есептеу тақырыбында 9 а сыныбына, Н.Төреқұлов мектебінің информатика мұғалімі Қ.Имашова Антивирустық қауіпсіздік 7 а сыныбына, А.Байтұрсынов мектебі информатика пән мұғалімі М.Дуйсенбекова Сымсыз желілер тақырыбында 6 а сыныбына жасанды интелектің тиімді қолданылуы, оқу үдерісінде дұрыс пайдалана білді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсіп, тапсырмаларды жүйелі орындай білді. Қатысушылар семинарды ұйымдастырушыларға алғысын білдіре отырып, жалғасын таба беруді ұсынды. Мұғалімдердің жасанды интелектің тиімді пайдаланылуына, оқушы бойында дағды қалыптасқанын айта келе, болашақта білімді шәкірттер қоғамда үлкен орын алатындығына сенім білдірді.

Ұлжан Түкебаева, Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектептің информатика пәнінің мұғалімі.

Қазақ ойшылдарының түсінігіндегі иман түсінігі

Әлімсақтан бері мұсылманмын деп өскен қазақ баласы үшін ислам дінінің таным-түсінігі қазақ халқына жат емес-ті. Ұлы даланы мекен еткен бабаларымыз тарихын хатқа түсіріп, қағазға жазбады. Таңды таңға жалғай жырлаған ақын-жыраулар арқылы қазақтың ұлан байтақ даласына ауыз әдебиетімен ислам дінін жеткізіп жырлады. Алтай мен Атырау арасын мекендеген көшпелі қазақ осылайша жыр-жауһарларын домбыраның күмбірлеген қоңыр дауысымен, діннен сусындап, ұрпағының санасына имандылықты сіңіре білді. Қазақ поэзиясында жыраулар жыры кезеңі XV-XVIII ғасыр аралығын қамтиды. Бұл уақыт Қазақ хандығының алғаш рет тарих сахнасына шығып жан-жақтан талаған жаумен алысып, жұлысып, жаға жыртысып жатқан кезеңі болатын. Қара қазан, сары баланың қамы үшін ер етігімен су кешкен замандарда ақын жыраулардың елдің басын біріктіріп, бүтіндеуде еңбегі өлшеусіз еді. Ақын жырауларымыздың көмейінен төгіле шыққан имандылық сөздері көбінесе елдікті, азаттықты, адамгершілік, ұятты болуға ағайынмен араздаспай тату болуға және Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) өмірінен үлгі алуға шақырады. Ендеше, сол жырауларымыздың есте қаларлықтай сөздеріне тоқтала кетсек. Төгілте жырлаған жырларында ислам діні туралы нендей сөз қозғады? Бір саралап өтсек артық болмас-ты.

Жырауларымыздан бастамас бұрын, Алла Тағала өзінің сүйікті құлы әрі елшісі Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) сүйікті (хабибім) деп атаған. Сондай-ақ, Әнбия сүресінің 107-аятында: «Сені әлемдерге рахым ретінде жібердік»,—деп баяндайды. Құдси хадисте (тізбегі Алла Тағала тегінген, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с) сөзі) «Сен болмағанда, сен болмағанда бүкіл әлемді жаратпас едім», — дейді. Яғни барлық он сегіз мың ғалам бір ғана адам Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.с) құрметіне жаралған екен. Бұл туралы, Алла Елшісі хадис шәрифінде былай деп жеткізеді: Сахабалардан Жәбир ибн Абдулла бір күні «Иа, Расулаллаһ! Алла Тағала ең әуелі нені жаратты?» деп сұрағанда «Бәрінен бұрын сенің пайғамбарыңның, менің нұрымды өз нұрынан жаратты. Ол кезде лауһу, қалам, жұмақ, тозақ, періште, көктер мен жер, күн, ай, адамдар мен жандар жоқ болатын»,—деп жауап береді. Осы бір оқиғаны Шал ақын толғауында былай жеткізеді:

Жаратқан Мұхамбеттің нұрын құдай,

Ғаламнан он сегіз мың бұрын құдай.

Таңдаулысын өзінің досы қылып,
Мұндай артық сүйерме құлын құдай?

Әуелі Пайғамбардың нұрын қылған,

Ғаламнан он сегіз мың бұрын қылған.

Нұрынан екі тамшы сәуле алып,
Олардан ай мен күнді жарық қылған, — деп қазақ даласына өлең жолдарымен жеткізген.

Алла Елшісі (с.а.с) хадис шәрифінде: «Адам денесінде бір парша ет бар. Ол жақсы болса барлық дене жақсы болады. Ол жаман болса барлық ағза жаман болады. Ақиқатында ол жүрек», —деген екен. Яғни, Аллаға және оның елшісіне иман еткенде тілмен айтып, жүрегіңмен илан дегені. Бірақ иманың тіліңде қалып кетпесін деп ишарат етеді. Иманның мұндай жолын Үмбетей жырау «Бәкеге» атты өлең жолдарында былай деп жырға қосыпты:

Дін мұсылман баласы
Адамдықтан жерімес,
Тіл мұсылман, қарашы,
Арамдықтан шегінбес.
Дәнікесін бұл шіркін,
Адал бір дәм жегізбес!

Алла Тағала Құран Кәрімнің Ниса сүресі 1-аятында былай дейді: «Алладан қорқыңдар, туыстық байланысты үзуден сақтаныңдар. Күдіксіз, Алла сендерді бақылап тұрушы», — деп ағайыннан қол үзбеуге бұйыруда. Әлемдерге рахым ретінде жіберілген Алла Елшісі (с.а.с) мұсылмандарға қарата былай дейді: «Уа адамзат! Өзара сәлемді жайыңдар, аш-мұқтаждарды тамақтандырыңдар, туысқандармен болған байланысты үзбеген, адамдар түнде ұйықтап жатқанда түнде тұрып намаз оқыңдар. Міне сонда аман-есен жәннатқа кіресіңдер»,—деп үмбетіне насихат айтыпты.

XIV-XV ғасырдың абыз ақсақалы, жырау Алтын Орда ханы Жәнібектен бері хан кеңесінің төрінен орын алып келген, Асан қайғы бабамыз былай деген екен:

Еділ болда, Жайық бол.
Ешкімненен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңда аяп тұрыспа
Ердің құны болса да
Алдыңа келіп қалған соң
Қол құсырып барған соң
Аса кеште қоя бер

*Бұрыңғыны қуыспа,—*дегені жоғарыда айтқан аятпен хадиске астаып жатқандай.

Құран Кәрімнің Зилзала сүресі 7-8 аяттарында Қиямет күнінде болатын жағдай туралы былай деп ескерту жасайды: «Кімде-кім шаңның тозаңындай жақсылық істеген болса, ол оның сыйын көреді. Кімде-кім шаңның тозаңындай жамандық істеген болса ол оның жазасын көреді»,—деп баян етеді. Осы бір жайды қазақ-жоңғар соғысының даңқты абыз-ақсақалы, батагері қария, көмекші әулие атанған Абылай ханның сенімді серігі, әрі үзеңгілес досы

Бұқар жырау былай деп жыр шу-мақтарымен өрбіткен екен:

Алла деген ар болмас,
Ақтың жолы тар болмас.
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Берем деген құтылмас,
Берік байлаған шешілмес.
Қазулы жолдар көмілмес,
Қартайған қарт бабаңды сыйлай бер.

Күндердің күні болғанда
Кімдерде кімнің дейсің белі бүгілмес,— деп тірі кезінде қандай іс қылсаң ақыретте сол ісіңнің қарымын аласың дегені ғой бабамыздың. Халқымызда анаңды Меккеге арқалап барсаңда, қарызынан құтыла алмайсың деген сөз бар. Ия, бұл шындық.

Зиярат қылып сиынсаң, Кем емес құбыла Меккеңнен, — деп Майлықожа ақын толғағандай ата-анаға құрмет, қызмет көрсетіп, разылығын алу әрқайсымызға міндет. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с) кезінде дін исламды қорғау үшін сахабаларына жиһадты (дін үшін соғыс) насихаттап, ең үлкен сауапты істің біріне жатқызды. Алайда ата-анаға қамқорлық жасауды жиһад жасауданда жоғары бағалады. Алла Елшісіне келіп жиһадқа сұранған жас жігітке: «Анаң тірі ме?»,—деп сұрады. Тірі екенін айтқан кезде «Анаңның аяғына жармас. Жәннат — аналардың аяғының астында», — деп тоқтатқан екен. Ата-анаға қарап қамқор болуды кезінде Ақтамберді жырау былайша жеткізеді:

Меккені іздеп нетесің,
Меккеге қашан жетесің,
Әзір Мекке алдыңда,
Пейіліңмен сыйласаң,
Атаң менен анаңды!

Адам баласы—Алла тағала жаратқан жаратылыстың ішіндегі ең ұлысы. Олай болса, осы адамзат ұрпағын Хақ Тағала ата-ана дәнекерлігімен көбейткен. Кез келген адам үшін дүниеде еңқымбат жандар—туған ата-анасы. Бұл қымбатты жандарды Алла тағаланың Өзі аяттарда дәріптеген. Демек оларға құрметпен, жауапкершілікпен қарау міндеті балаға жүктелген. Сондықтан да, Ұлы Жаратушы ата-анаға лайықты дәрежеде құрмет пен жақсылық жасауды Өзінен кейінгі кезекке қойған.

Алдыңғы өткен тарихымызды қарар болсақ, дін ислам қалың қазақтың басын біріктіретін қоғамды реттеуші заңды норма болып келді. Алайда, тәуелсіздік алғаннан бері қарай адамдардың діннен безушілігі көбейіп бара жатқан секілді. Себебі біреу-ақ. Діни сауатсыздық. Біреуі Алла аспанда, көзі, қолы бар десе. Енді бір топ, оларды адастыға шығарып бір-біріне айып тағуда. Осы бір таным-түсінікті түсінбей қаншама адам алды темір торға қамал-

са, арты соғыс іздеп, шекара асып кеткен жайы бар. Ежелгі жәдігерлерді байыптап қарап отырар болсақ, олардың көбінесе жалғыз Жаратушыға мінәжат, Аллаға мадақ сарынында, яғни Алланың есімдерін, сипаттарын құрметтеп ауызға алып, жыр арнағандығын байқаймыз. XX ғасырдың ұлы ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлең жолдарында жоғарыда айтқан екі топтың таласып жүрген мәселесін былайша түйіндепті:

Ол—Алла жисм, жауһар, ғариз емес,
Болаға басқа, басқа бөлектен-бес.

Алланы еш нәрсеге ұқсатуға,
Ешнәрсе Оған ұқсап жөні келмес.
Бар Құдай көкте де емес, жерде де емес

Мекенін бір Алланың ешкім білмес
Сипаты сегіз болған бірі Кәләм
Сөйлейді, құдіретімен Алла Тағалам,
Сөйлеуді біздегі тілмен, жақпен емес

Тіл-жаққа мұқтаж емес секілді адам.

Алды, арты, асты, үсті, оң-солы жоқ

Ауыз, мұрын, аяқ, бас, көз, қолы жоқ

Ешнәрсе ұқсамайды, Ол— ешнәрсе-ге

Кітаптың айтқанынан ойлама көп...

Жоғарыдағы өлең шумақтарына, өр Алтайдың асқақ ақыны Ақыт қажы Үлімжіұлыда Мәшһүр Жүсіптең алыстамай бірінің сөзіне бірі қанат бітіре келе былай дейді:

Бір Құдай жоғары емес, төменде емес,

Еш тамақ алып және жеген емес.

Дегендер: «пәлен жерде» кәпір болар,

Тұрағым сондай жерде дегенде емес.

Болмайды алды, арты, оң мен сол-да,

Кезікпес іздегенмен және жолда.

Жүрсенде көкке шығып, жерге кіріп,

Көрмейсің бір Құдайды тағы сон-да.

Тарих өткен үшін емес болашақ үшін қызмет етеді. Өткенімді тұнып тұрған үлгі өнеге, әдеп, иба, жол көрсетуші шырақ, ақиқат жол. Біз өз тінімізден ажырамай жоғарыда келтірген ақын-жыраулардың тебіреністерін өмір баспалдағында ұмытпай қолға ала білсек ешқайсымыз өзге біреудің уағызына мұқтаж болмай, адасушылыққа түспес едік.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Өмір—бір-ақ рет берілетін баға жетпес сый. Ол—қуаныш пен қайғы, үміт пен арман, табыс пен сынақтар қатар жүретін ғажайып сапар. Адам баласы осы өмір жолында өзін табуға, мақсатын жүзеге асыруға, айнала-сына жақсылық сыйлауға ұмтылады. Сондықтан өмірді босқа өткізбеу—әр адамға жүктелген үлкен жауапкершілік.

Өмірдің мәні әркім үшін әртүрлі болуы мүмкін. Біреу үшін ол—отбасы бақыты, біреу үшін—білім мен жетістік, енді біреу үшін—өлге қызмет ету. Бірақ бәріне ортақ бір нәрсе бар: өмірдің өзі—сұлулық. Таңғы күннің шуағы, ананың мейірімі, достың жанашыр сөзі, баланың күлкісі—бәрі өмірдің көркем көрінісі. Осы сұлу-

Өмір әдемі, оны босқа өткізбе

лықты сезіне білу де —өнер. Өмірді босқа өткізбеудің жолдары:

Мақсат қойып, соған ұмтыл; адамның өмірі мәнді болуы үшін алдына мақсат қоя білуі керек. Мақсатсыз өмір — желкенсіз қайықпен тең. Күнделікті өмірде өзіңе пайдалы іс жаса, дамуға ұмтыл. Өйткені өмір—тек дем алып, уақыт өткізуден тұрмайды. Ол—армандарға ұмтылу, жақсылық жасау, өзінді табу жолы. Әр күн—жаңа мүмкіндік.

Уақытыңды қадірле; уақыт—қайтып келмейтін қазына. Әр сағатты, әр күніңді

пайдалы іспен өткіз. Бос отырғаннан гөрі, жақсылық жаса, жаңа нәрсе үйрен, денсаулығыңа көңіл бөл. Уақытыңды бағала—уақыт алтыннан қымбат. Бүгінгі күнің—ертеңгі жетістігіңнің іргетасы.

Жақсы адамдармен аралас; өмірде сенің алға ұмтылуыңа, жақсылыққа жетуіңе әсер ететін—айналаңдағы адамдар. Позитивті, еңбек-қор, адал адамдармен бірге болуға тырыс. Олар саған шабыт береді.

Жаның тыныш, жүрегің таза болсын;өмірді әдемі көру үшін ішкі жан дүниені таза

за болуы керек. Кек сақтау, ренжу, өтірік айту—өмір сұлулығын көруге кедергі. Кешірімді, сабырлы, мейірімді болуға тырыс. Ішкі тыныштықты тап—кешірімді бол, реніш жинама, жүрегіңді тазартып жүр.

Кішкентай сәттердің өзін бағала; —өмір—тек үлкен жетістіктер емес, күнделікті ұсақ қуаныштардан тұрады. Таңғы шай, жақсы әңгіме, табиғатты тамашалау — осының бәрі өмірдің әсем сәттері.

Қорыта келе өмір — қысқа, бірақ ол шексіз мүмкіндіктерге толы. Сол мүмкіндікті

дұрыс пайдалана білу—әр адамның қолында. Өмір—шексіз мүмкіндіктер алаңы. Оны қалай өткізу—әр адамның жеке таңдауы. Бірақ сол таңдау болашақтағы өкініштің немесе ризашылықтың негізі болмақ. Әрбір ересек жан өз ғұмырының құрылысшысы. Демек, өмірдің әдемілігі де, мағынасы да—біздің әрекетімізде, сөзіміз бен көзқарасымызда.

Бүгінгі күн—ертеңгі естелік. Сол естеліктер өкіндірмей, шабыттандырғанын қаласақ, өмірімізді босқа өткізбейік. Қолымызда бардың қадіріне жетіп, жүрекпен өмір сүрейік.

Қ.САЛЫҚБАЕВ,
Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы.

Шариғат—Ислам дінінің негізгі заңдары мен қағидаттарын білдіретін жүйе. Ол Алла Тағаланың адамдарға жол сілтеген хикметтері мен бұйрықтарына негізделеді. Шариғаттың негізгі мақсаты—адамзаттың өмірін жақсарту, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету және адамдар арасында әділеттілік пен тыныштық орнату. Шариғаттың қоғам өмірімен үйлесімділігі, әсіресе, қазіргі заманның әлеуметтік мәселелеріне қатысты түсінік пен пі-

ның өміріндегі маңызды мәселелерді түсінуге көмектеседі.

Исламдағы табыс ұғымы тек материалдық байлық пен қуанышқа жетуді ғана білдірмейді, ол рухани табыс пен адамгершілік құндылықтарға да негізделген. Егер адам өз ісін шынайы ниетпен, Алла разылығын көздеп жасаса, оның еңбегі дұрыс бағаланады. Бұл тек материалдық жетістіктерді ғана емес, рухани жетістіктерді де қамтиды.

Исламда табысқа жетудің

үшін ешқашан тоқтамауы керек. Ғылым мен білім алу исламдағы негізгі мақсаттардың бірі. Табысқа жету үшін адамның білім алуы, ғылыми жетістіктерге қол жеткізуі және қоғамға пайда келтіретін іс-әрекеттер жасауы қажет. Мысалы, сауда-саттықта адал болу, ғылым саласында зерттеулер жүргізу, қоғамда әділеттілік орнату—мұның бәрі Исламдағы табысқа жетудің жолдары болып табылады.

Әлеуметтік және экономика-

Отандық діни білім-тұрақтылық негізі

Қазақстан — ғасырлар бойы түрлі этнос пен дінді ұйыстырған, бейбітшілік пен келісімді басты құндылық еткен мемлекет. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін халықтың діни еркіндігі қалпына келтіріліп, мешіттер, медреселер мен діни оқу орындары ашыла бастады. Дегенмен, алғашқы жылдары елімізде діни кадрлар жеткіліксіз болғандықтан, көптеген жастар шетелге барып білім алуға мәжбүр болды. Бұл жағдай, өкінішке қарай, сыртқы діни идеологиялардың енуіне, дәстүрлі емес ағымдардың таралуына себеп болды. Көптеген жастарымыз шетелдік радикалды ұйымдардың ықпалына түсіп, ел ішіндегі діни тұрақтылыққа қауіп төндірді. Осыдан кейін қоғам мен мемлекет діни білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөле бастады.

Діни білім—тек Құран мен хадисті жаттау ғана емес. Ол—рухани тәрбие, дүниетаным, елдік сана мен ұлттық болмыстың тұтастығы. Сондықтан діни білім беру жүйесі ұлттық және зайырлы құндылықтармен үндесе отырып дамуы керек. Осы мақсатта Қазақстанда Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті, медресе-колледждер, теология және дінтану факультеттері жұмыс істеуде. Бұл оқу орындары Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бағытына сәйкес, ханафи мәзһабы мен матуриди сенім мектебін негізге алады. Олар тек діни пәндермен шектелмей, тарих, философия, әлеуметтану, құқық, психология сияқты зайырлы ғылымдарды да қамтиды. Мұндай үйлесімділік арқылы діни маман—қоғаммен тіп табысатын, парасатты, сабырлы, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген тұлға ретінде қалыптасады.

Бүгінгі таңда діни білім алу үшін міндетті түрде шетелге барудың қажеті жоқ. Керісінше, рухани іргетас өз еліміздің топырағында қалануы тиіс. Отандық оқу орындарында білім алған маман елдің тарихын, мәдениетін, тілін, ұлттық ерекшелігін жақсы біледі. Ол өз халқына түсінікті, қолайлы әрі қауіпсіз діни насихат жүргізе алады. Өз еліміздегі оқу орындары материалдық және ғылыми тұрғыдан жылдан-жылға дамып келеді. Мемлекеттік гранттар бөлініп, оқу бағдарламалары заман талабына сай жетілдірілуде. Діни кадрларды даярлауда тек діни басқарма емес, мемлекет те белсенді түрде қолдау көрсетуде. Бұл—діни білімнің стратегиялық маңызын көрсететін нақты мысал.

Діни сауаттылық—экстремизм мен радикализмнің алдын алудың ең тиімді жолы. Діни мәтіндерді дұрыс түсінбеу, интернеттегі жалған ағызшыларға сену, тарихи және ақида тұрғысынан қате идеяларға бой алдыру — жастарды жат ағымдарға жетелейді. Мұндай қауіптің алдын алу үшін отандық діни білім беру жүйесін үздіксіз жетілдіру қажет. Имамдар мен ұстаздар діни мәселелерді ғылыми тәсілмен, терең таныммен түсіндіруі тиіс. Сонымен қатар, діни білім—ұлттық тәрбиеге де негізделуі қажет. Қазақ халқының дін мен дәстүрді үйлестірген тәжірибесі — бүгінгі ұрпақ үшін рухани бағдар.

Қазіргі уақытта мемлекет пен қоғам арасындағы ынтымақты сақтау үшін діни кадрлардың сапалы болуы аса маңызды. Олар—тек діни рәсімдерді атқарушы емес, сонымен қатар қоғамдағы рухани тәрбиешілер. Сол себепті де олардың білім деңгейі, мәдениеті, зайырлы көзқарасы мен ұлттық санасы жоғары болуы керек. Бұл талаптар отандық оқу орындарында нақты жүзеге асып келеді. Қазақстанда қалыптасқан діни білім жүйесі—ұлттық қауіпсіздіктің, рухани тұрақтылықтың және конфессияаралық келісімнің кепілі.

Сондай-ақ отандық діни білім беру тек мешіттер мен медреселермен шектеліп қалмауы керек. Мектептер мен жоғары оқу орындарында да дін туралы базалық білім беру — бүгінгі күннің талабы. Жастардың діни сауаттылығын ерте жастан қалыптастыру, оларға діни плюрализм мен зайырлылықты дұрыс түсіндіру — ел болашағы үшін маңызды қадам. Бұл ретте «Зайырлы мемлекет және дін негіздері» секілді пәндердің мазмұнын жетілдіру, мамандарды қайта даярлау, оқулықтарды сапаландыру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Қорыта айтқанда, отандық діни білім—елдің ішкі тұрақтылығы мен рухани қауіпсіздігінің негізі. Діни білім беру жүйесі—ұлттық мүдде мен мемлекеттік тұтастықпен тікелей байланысты маңызды сала. Сондықтан Қазақстанда діни білім беру жүйесін дамыту, оны заман талабына сай үйлестіру, шетелдік ықпалдан арылту — мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болуы керек. Рухани іргетас өз елімізде қаланған жағдайда ғана діни фанатизм мен бөлінушіліктің алдын аламыз. Отандық біліммен сусындаған, ұлттық рухпен тәрбиеленген имам—елге қызмет ететін, халыққа түсінікті тұлға. Сондықтан да діни білімді шетелден іздемей, өз еліміздің рухани орталықтарын қолдау—болашақтың баянды жолы.

Ұ.ПЕРДЕН,

Түркістан облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің бөлім маманы.

Исламдағы табыс және ниет

кірлер қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Шариғаттың негізінде адамзаттың барлық тұрмыстық мәселелеріне шешім табу мүмкіндігі жатыр. Бұл, әсіресе, отбасылық өмір, экономикалық қатынастар, әділеттілік, білім алу және қоғамдық қатынастарға қатысты мәселелерде айқын көрінеді. Шариғат адамды өз іс-әрекеттерінде дұрыс жолмен жүріп, қоғамға пайдалы болуға бағыттайды. Мұсылмандар бір-біріне сыйластықпен, әділдікпен және мейірімділікпен қарауы тиіс.

Табыс пен ниет—адам өмірінің маңызды элементтері. Исламда табыс пен жақсы ниетке ерекше мән берілген. Әрбір әрекет адамның ниетіне байланысты бағаланады, ал сол ниет шариғатқа сәйкес болғанда, табысқа жету мүмкіндігі артады. Сонымен қатар, табыс пен ниетті дұрыс бағыттау қоғамға пайдалы болатыны айтылған. Бұл тақырып исламның шариғаттық негіздері мен зайырлы ғылымдардың үйлесімділігін зерттеу, адам-

негізгі қағидалары адал еңбек, әділеттілік және ниеттің тазалығы болып табылады. Алла Тағала әр адамның жасаған ісінің нәтижесін оның ниетіне байланысты бағалайды. Осыған байланысты, исламда адамның әрбір әрекеті шариғат талаптарына сәйкес болуы керек. Мысалы, жұмыс жасау барысында адам адалдықты, әділеттілікті ұстанып, ешбір алаяқтық немесе жалғандыққа жол бермеуі тиіс. Мұсылман адам еңбек еткенде тек өз пайдасын ғана ойламай, қоғамның игілігі үшін де жұмыс істеуі қажет.

Зайырлы ғылымдар мен шариғаттың арасында үйлесімділік бар. Шариғаттың талаптары мен зайырлы ғылымдардың теориялары мен практикасы бір-бірін толықтырып, адамзатқа ортақ игілікке бағытталған. Ғылым, білім алу және қоғамға пайдалы болу—Исламда мадақталған іс-әрекет болып табылады. Исламдағы білімге деген көзқарас жоғары деңгейде. Мұсылман адам білім алу

лық тұрақтылықтың негізі адал еңбек пен әділдікте жатыр. Шариғатта адамдар бір-біріне құрмет көрсетуі, бірлік пен ынтымақтастықты сақтау арқылы қоғамды дамытуға ұмтылуы керек. Қоғамның барлық мүшелерінің құқықтарын қорғап, кедергілер мен мұқтаждарға көмек көрсету—бұл қоғамның үйлесімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, исламдағы табыс пен ниет мәселесі шариғаттың қағидаларымен үйлесіп, қоғамның дамуында маңызды рөл атқарады. Шариғаттың адам өміріне бағыт-бағдар беруі, оның барлық қырларын қамтуы арқылы қоғамның тұрақтылығы мен әлеуметтік әділеттілікті сақтау, әрбір адамға тең мүмкіндік туғызу мақсатында қызмет етеді.

Н.Әбухан,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.

Экстремизмнің алдын алудағы отбасы тәрбиесі

Экстремизм—қазіргі қоғамның тұрақтылығына, қауіпсіздігіне, сондай-ақ адамдардың бейбіт өмір сүруіне үлкен қауіп төндіретін құбылыс. Бұл күрделі әлеуметтік мәселеге қарсы тұру тек құқық қорғау органдарының немесе мемлекеттік мекемелердің ғана емес, сонымен бірге әрбір отбасының міндеті. Өйткені, отбасы—адамның тұлғалық қасиеттері қалыптасатын алғашқы орта. Дұрыс отбасылық тәрбие берудің арқасында экстремистік идеологияның алдын алып, ұрпақты бейбіт және толерантты өмірге бағыттауға болады.

Отбасының тәрбиелік рөлі
Отбасы—адамның құндылықтары мен дүниетанымы қалыптасатын басты әлеуметтік институт. Бала өмірінің алғашқы кезеңдерінде отбасынан алған тәлім-тәрбие оның дүниеге көзқарасына, мінез-құлқына және ұстанымдарына негіз болады. Сондықтан, діни экстремизмнің алдын алуда отбасылық тәрбие келесі бағыттар бойынша маңызды рөл атқарады:

1.Адамгершілік және рухани құндылықтарды қалыптастыру
Ата-аналар баланың бойына мейірімділік, құрмет, әділдік және адамгершілік секілді қасиеттерді сіңіруі тиіс. Әлемнің алуан түрлілігін қабылдау және басқа адамдардың наным-сеніміне құрметпен қарау балаға толеранттылықты үйретеді. Мұндай тәрбиені діннің шынайы құндылықтарымен ұштастыру арқылы балада діни фа-

натизмге қарсы иммунитет қалыптастыруға болады.

2.Діни сауаттылықты арттыру
Діни экстремизмнің таралуының басты себептерінің бірі—діни сауатсыздық. Отбасы мүшелері сенімді ақпарат көздерінен білім алып, балаларға дінді дұрыс түсінудің маңыздылығын үйретуі қажет. Ата-аналар өздері діни сауатты болса, балаларын күмәнді идеологиядан қорғауға мүмкіндік алады.

3.Сыни ойлауды дамыту
Баланың сыни ойлау қабілетін қалыптастыру — оның экстремистік идеяларға ермеуіне негіз болады. Отбасы мүшелері баланы өз бетінше ойлауға, әртүрлі ақпараттарды талдап, салыстыруға және шындықты ажыратуға үйретуі тиіс.

4.Отбасындағы ашық қарым-қатынас

Ата-аналардың баламен ашық сөйлесуі, оның қызығушылықтары мен мәселелеріне назар аударуы үлкен маңызға ие. Баланың ішкі жандүниесіне үңіліп, оны мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру арқылы, отбасы оны теріс бағытқа кетуден сақтайалады.

5.Пайдалы әрекеттерге тарту
Бала бос уақытын пайдалы өткізуге үйренуі керек. Отбасы спорт, өнер, ғылым және басқа да қызықты іс-шараларға баланы тарту арқылы оның уақытын тиімді пайдалануға көмектеседі. Бұл оған зиянды орта мен идеялардан аулақ болуға ықпал етеді.

Экстремизмге қарсы тәрбие-

де отбасының әдістері

•Жеке үлгі: Балалар көбінесе ата-анасының іс-әрекетін қайталайды. Егер ата-ана сабырлы, толерантты және саналы тұлға болса, бала да осындай қасиеттерді бойына сіңіреді.

•Қоғамдық байланыс: Отбасы білім беру ұйымдарымен, діни бірлестіктермен және құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста болып, баланың ортасын қадағалап отыруы тиіс.

•Интернеттегі бақылау: Қазіргі заманда экстремизм интернет арқылы да таралады. Сондықтан, баланың интернеттегі белсенділігін қадағалап, оған саналы медиа сауаттылықты үйрету маңызды.


Қорытынды:

Діни экстремизмнің алдын алу—бұл тек мемлекеттің ғана емес, әрбір отбасының ортақ міндеті. Жас ұрпақты рухани құндылықтарға, толеранттылыққа және бейбіт өмірге тәрбиелеу арқылы қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады. Отбасындағы дұрыс тәрбие экстремизмге қарсы тұрудың ең тиімді құралдарының бірі болып табылады. Әр ата-ана балаға сүйіспеншілік пен қолдау көрсетіп, оны жақсылыққа тәрбиелеп, ол ешқашан теріс жолға түспейді.

Д.ЗИЯБЕК,
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ теолог маманы.

Жазушы ең алдымен өз елінің зиялы перзенті саналады. Оның елі үшін өміреніп, қалың оқырмандарына ерекше жүгініп қызмет етуі парыз. Осы орайда Қазақстанның халық жазушысы Сәуірбек Бақбергеновтің жолы болған, бақытты жазушы. Иә, шындығында халықтың қаламгер қайраткері болу үшін еліңді, жеріңді жақсы көріп қана қою жеткіліксіз. Сонымен қатар, өз халқыңды жақсы біліп, оқырмандарыңмен біте қайнасып кетуің өте қажет-ақ. Нағыз жазушыға тән дәл осындай ұнамды қасиетті Сәуірбек ағаның бойынан ең алғаш кездесуімізде-ақ, анық аңғарған едім. Аға үнемі: «Болашақ ұрпақ құрмет тұтатындай, солардың игілігіне ештеңе қалдырмасақ, ұрпақтарымыз біз жайлы не ойлайды!»-деп отыратын еді.

Сәуірбек Бақбергенов 15 сәуір 1920 жылы Шымкент облысының



атап өткеніміздей соғыс тақырыбын арқау еткен 20-ға жуық роман, повестері орыс, беларус, грузин, армян, қырғыз, татар, эстон, башқұрт тілдеріне аударылған. Бақбергеновтің өзі де көркем аударма саласында жемісті еңбек етіп, М.Горькийдің, В.Короленконың, У.Фолкнердің бірқатар шығармаларын қазақ тіліне тәржімалаған.

Сәукеңнің әйгілі тұлғалар туралы жазған кезекті шығармаларының бірі «Ақ боз атты ару» романы. Жазушының бұл романына белгілі ғалым, тарихшы-этнограф Шоқан Уәлихановтың жеке өмірінің соңғы кезеңіндегі оқиғалар арқау болған. Шығарма 1864 жылы Шоқанның туған жері Сырымбетпен қоштасып, Верный қаласына келген кезінен басталады. Тезек төренің ауылына келген немере қарындасы Айсара осында Шоқанмен кездейсоқ кезде-

Үлкен ұлы Қанат жастай қайтыс болған.

Әке жолын жалғастырушы ортаншы ұлы Қайрат Мәскеудегі М.Горький атындағы әдебит институтын бітіреді. «Қазақстан», «Жазушы» баспаларында редактор «Қазақфильм» киностудиясында, жазушылар одағында, «Простор» және «Жұлдыз» журналдарында әр түрлі шығармашылық қызметтерді абыроймен атқарған.

Шығармаларын орыс тілінде жазады, туындылары француз, неміс, серб, қазақ тілдеріне аударылған.

...Сәуірбек ағамен бір сұхбаттасу барысында былай деген еді: «Суреткер-өз елінің, өз ұлтының, тіпті өз туған жерінің сезімталы, оның құлағы, көзімен жүрегі. Сондықтан да жерінің тарихы терең Созағыма деген махаббатым шексіз. Қай қиырда жүрсем де, киелі қаратауы-

Созақтың ғана емес, қазақтың

Созақ ауданы Аққолтық ауылында дүниеге келген. Түркістан қаласындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленген. Әуелі сондағы темір жолшылар даярлайтын училищені, одан соң педагогикалық училищені бітіреді. Бір қызығы педагогикалық училищеде әдебиет пәнінен атақты Шәкәрім Құдайбердіханың баласы, өте білімді де білікті ұстаз, Құдайберді Ахат Шәкәрімұлынан дәріс алады. Осы бір ғажап сәйкестіктің өзі де, ағамыздың жазушы болсам деген балаң арманының жүзеге асуына әсері мол болған еді.

1939 жылы Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Подольск қаласындағы жаяу әскерлер училищесінде білім алады. Алғашқы өлеңдері деосы жылдары баспасөз беттерінде жариялана бастайды. Одан әрі соғыс басталып, Сәуірбек аға екінші дүниежүзілік соғысқа бастан аяқ қатысады. Солтүстік-Батыс майданында Новгород, Псков, Калинин, Холм, Великие Луки түбіндегі жан алысып, жан беріскен қантөгіс шайқастардың бел ортасында жаумен шайқасты. Аты аңызға айналған Панфиловшылар дивизиясында алдымен взвод командирі, кейінірек дивизиялық байланысшы офицері міндеттерін атқарды.

1945 жылы сұрапыл соғыстан елге жеңіспен оралысымен, үйреншікті әскери шинелін шешіпүлгерместен, сол кездегі қазақ баспасөзінің қара шаңырағы «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егеменді Қазақстан») газетіне әдеби қызметкер болып орналасады. Көп ұзамай ерлігі аңызға айналған, екі мәрте Совет Одағының батыры атанған даңқты ұшқыш Талғат Бигельдинов жайлы хикаяттын оқырмандар назарына ұсынды. Бұл шығармада, тайсалмас ерлікпен, ешқандай құрбандықтардан, ешқандай қауіп-қатерден қаймықтастанелінің бақыты, абыройы, даңқы, бостандығы мен қауіпсіздігі жолында күресуге әзер тұрушылық, ең бастысы, Отанға деген сүйіспеншілік мәселелері жан-жақты суреттеледі. Яғни, әрбір саналы адам кеудесінде жаны барда, Отаны үшін шайқасуға тиіс екенін, өзі де сол соғыс өртінен көзбен көрген жазушы ретінде өте шеберлікпен жеткізе білгенін еріксіз мойындаймыз.

Иә, шындығында зерделеп пайымдасаңыз, қираған қалалар мен ауылдар, перзентінен айырылып аңыраған ана, жетім қалған бала, жесір қалған сүйген жар, халық мойнына түскен соғыс зардаптары, майдан даласындағы ажалмен арпалысқан сәттер, отан үшін жан қиған жауынгерлердің ерліктері жазушы шығармашылығына үлкен

Сәуірбек

Эссе

әсер етеді. Әскери тақырыптағы шығармаларында қаламгер өзі құрамында болған атақты дивизияның жорық жолдарын, жауынгер достарының ерліктерін суреттейді. Өзі қатысып куә болған оқиғадан сыр шертеді. Бейбіт өмір үшін құрбан болғандардың ерліктері мен есімдерін ел есінде мәңгі қалдыруды мақсат тұтады. Ұлы Отан соғысында осындай ерекше ерліктерімен көзге түскен қазақтар көп. Солардың бірі әрі берегейі, әйгілі Бауыржан Момышұлы. Жауынгер жазушы, Баукең туралы құнды шығармалар жазды. Соның бірі «Ат жалында» портретті очеркі. С.Бақбергенов Момышұлының портреті арқылы қазақ командирінің ерлігін мадақтап, қарапайым тілмен нағымды етіп суреттейді.

Әдебиетке жауынгер шинелімен келген жазушының «Қарға тамған қан» романы да соғыс тақырыбын арқау еткен, ауқымды шығарма. –Бұл романды жазу мен үшін оңайға түспеді: «Ең қиын іс өзіңді өзін тану екен. Бұл романда мен өзім арқылы соғыс кезеңіндегі жауынгерлердің асқан рухын, жеңіс жолындағы жанқиярлық ерліктерін, өмір мен өлім арасындағы түрлі оқиғаларды шынайы суреттеуге тырыстым» деген еді Сәуірбек аға бір сұхбаттасу барысында.

Жазушы баспасында істеген жылдары жазушының басты кейіпкерлері қазақ аспаптың музыкасының негізін қалаушы Құрманғазы Сағырбаевтың шәкірті Дина Нұрпейісованың өмірі мен шығармашылығы туралы «Қайран шешем» Социалистік Еңбек Ері атағын екі мәрте алған Нұрмолда Алдабергенов жайлы «Адам және көлеңке» романдарымен қатар, Шоқан Уәлиханов, Кенен Әзірбаев, Роза Бағланова тағы да басқа елімізге танымал тарихи тұлғалардың мағыналы да өнегелі өмірлері жайлы көркем шығармалар жазды. Кейінгі толқын жастарды адамгершілікке, адалдыққа, отансүйгіштікке баулитын, замандастары жайлы ой толғайтын, тарих қойнауынан сыр шертетін «Мен сізді сүйемін», «Ақ боз атты ару», «Бөрте Шыңғыс ханның жұбайы», «Кентау» секілді және жоғарыда да

седі. Екеуінің арасындағы таныстық достық, түсіністік шынайы махаббат пен ерлік, сұлулық пен қайсарлық, тарих пен тағдыр, нәзіктік пен күрескерлік қатар өрбиді.

Мен Сәуірбек Бақбергеновтің шығармаларын түгелдей оқып, ағамыз туралы көп естіп, жүрсем де, өзімен 1971 жылы Алматы қаласында өткен Республикалық жас ақын-жазушылардың үлкен жиынында кездесіп, таныстым. Кеңінен отырып әңгімелескенімізде күні кешегідей көз алдымда. Осы тұста айта кетер болсам, әсіресе, екеуімізге де ыстық киелі де қасиетті қарт Қаратудың өткені мен бүгінгі келешегі жайлы халық аузындағы аңыз әңгімелерді нақты тарихи деректермен байланыстыра отырып, әңгімелеп беретін «Су бар жерде ну бар» атты очеркі. Очеркте Қаратаудан басталып, Сарыарқаға дейін созылатын Қаратаудың теріскей бетінде орналасқан Еуропаның бірнеше мемлекеті сыйып кететін Созақ туралы айтылады. Бұл аймақтың ең үлкен проблемасы-су. Очеркте «Үш көкше деген не, оны неге олай атаған? Мұны білсек бүгінгі су мәселесін шешуді дұрыс түсінетін боламыз» делінеді де осыған талдау жасалады. Қуаңшылықтан құтылу жолдары көрсетіледі. Осылайша еліміздің экономикасын дамытудағы шығармашылығы арқылы үлкен үлес қосуы да құптарлық жай. Ол өз шығармаларында заманның, қоғамның өзекті проблемаларын көтеріп, оны терең талдау арқылы шешу жолдарын көрсетіп абыройға ие болған қаламгерлердің бірі.

Сәукеңнің отбасы туралы өз айтуы бойынша, атасы Дос атыс-шабысты аласапыран заманда жауға қарсы шығатын батыр болған екен. Әкесі Бақберген де Дос атасы секілді Теріскейге танымал-бапкер Бақберген» атанған. Содан да болар, бала Сәуірбектің өзі де жастайынан жылқыға құмар болып өскен. Сондықтан да Сәукең өз шығармаларында жылқыны өте табиғи әрі шебер суреттеп жазады. Ағаның кіндігінен Қанат, Қайрат, Марат есімді ұлдары тарайды.

ма деген сағынышым кеудемді кернеп тұрады. Сонау қан майдан даласындағы аласапыран сұрапыл жорықтарда әбден қалжыраған жаралы жауынгер талықсып ұйықтап кеткенде де түсінде атамекенін көреді: «Армысың, кәрім Қаратау, дейім Қаратау! Қасиетті мол, қазыналы Қаратау, құдыретіңе бас иіп, табына келдім. Сағынып келдім сені, аңсап келдім! Балдай тәтті суыңды сағынып, шөліркеп келдім!

Етпеттеп жата қалдым да, мұп-мұздай қара тасын сүйдім. Жылымады. Майдай қара топырағын уысыма толғанша алып, жаралы жеріме бастым. Жібімеді.

Қос қолдап, мөп-мөлдір суын мейірім қанғанша іштім. Шипалы дәрі ішкендей, ішкі сарайым ашыла түсті.

Қуаныштан көзіме ыстық жас келді. Алтын бесігім!»-деп сипаттаған жазушы ағамыздың биыл 105 жылдығы.

Басыңа не күн туса да, сергектігіңнен айырылма-деп отырушы еді, 1932 жылғы аштықты, 37- жылғы репрессияны, Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысып, көзбен көрген, бастан кешкен, небір өмір тауқыметіне еш мойымаған Сәуірбек ағамыз.

Еңбегіңнің ел кәдесіне жарағанын сезіну-үлкен бақыт қой. Менің ойымша, өзінің алдына үлкен мақсат қойып, оны орындауға барлық күш-жігерін жұмсай білген адам ғана бақытты бола алады. Ендеше, осы орайда, неғұрлым өзінің қалың оқырмандарының бақытты болуына септігін тигізген Қазақстанның халық жазушысы Сәуірбек Бақбергеновті бақытты жандардың бірі деп танимыз.

Сәукең Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен және Қазақ әдебиетін дамытудағы жетістіктері үшін көптеген медальдармен, төрт мәрте Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған. Жазушы ағамыз 1997 жылы 17 қаңтарда Алматы қаласында дүниеден өтті. Қазіргі кезде Созақ ауданындағы бір орта мектептің аты Сәуірбек Бақбергеновтің атымен аталады.

Суреткер қауым, жазушылар жалпы елге танымал тұлғалар өз ескерткішінің тұғырын өздері орнатады, ал мүсінін болашақ соғады дейтін тәмсіл бар ғой. Олай болса, Созақтың ғана емес, қазақтың Сәуірбекі атанған жазушыны жете танып, бағалау болашақтың еншісінде деп бағамдаймыз.

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның құрметті журналисі.

Инсульт–ми қан айналымының күрт бұзылуы нәтижесінде ми жасушаларының зақымдануы. Бұл ауру әлем бойынша өлім мен мүгедектікке әкелетін ең кең таралған себептердің бірі болып табылады. Дегенмен, инсульттің көп бөлігі алдын алуға болатын аурулар қатарына жатады.

Алдын алу шаралары
Инсульттің алдын алу үшін өмір салтын түбегейлі өзгерту маңызды.
1.Қан қысымын бақылау. Артериялық қысымды жүйелі түрде тексеріп, дәрігердің кеңесімен ем қабылдау керек.
2.Дұрыс тамақтану. Тұзды, майлы және қуырылған та-

маңызды

Инсульт кезінде уақыт–басты фактор. Оның алғашқы белгілері байқалған сәттен 3–4 сағат ішінде медициналық көмек көрсетілсе, адам өмірін сақтап қалуға болады.

Негізгі белгілер:

-Беттің, қолдың немесе аяқтың кенеттен жансызда-

нуы;

-Сөйлеудің бұзылуы, сөз түсінбеу;

-Көрудің нашарлауы;

-Төпе-теңдіктің, қозғалыстың бұзылуы;

-Кенеттен қатты бас ауруының пайда болуы.

Қорытынды

Инсульттің алдын алу – өз денсаулығына жауапкершілікпен қараудан басталады. Салауатты өмір салты, дұрыс тамақтану және тұрақты медициналық тексерулер–ми саулығын сақтаудың ең тиімді жолы.

С.Бейсеев,

Созақ аудандық орталық ауруханасының невропатолог дәрігері.

Инсульттің алдын алу

Инсульттің негізгі себептері

Инсульттің даму қаупін арттыратын бірнеше негізгі факторлар бар:

-Қан қысымының жоғарылауы (гипертония) – ең басты қауіп факторы;

-Темекі шегу – қан тамырларын тарылтып, қанның қоюлануына себеп болады;

-Қант диабеті–қан тамырларының қабырғаларын зақымдайды;

-Артық салмақ пен қозғалыстың аздығы;

-Дұрыс тамақтанбау–майлы, тұзды, калориясы жоғары тағамдар;

-Алкогольді шамадан тыс қолдану;

-Жүрек аурулары (аритмия, жүрек жеткіліксіздігі).

ғамдарды азайтып, көкөніс пен жеміс-жидекке бай мәзір ұстану қажет.

3.Қозғалыс белсенділігі. Күніне кемінде 30 минут жаяу жүру немесе жеңіл жаттығу жасау қан айналымын жақсартады.

4.Темекі мен алкогольден бас тарту. Бұл әдеттерден арылу инсульт қаупін бірнеше есе төмендетеді.

5.Қандағы қант пен холестерин деңгейін бақылау. Тұрақты тексеріліп тұру – диабет пен атеросклероздың алдын алады.

6.Стрессті басқару. Демалыс, ұйқы және психологиялық тыныштық та ми саулығына әсер етеді.

Ерте белгілерін білу

Орманда өртке абай болайық!

Біздер орман шаруашылығы қызметкерлері аудан көлеміндегі мемлекеттік орман қорын өрттен, табиғат заңдылықтарын бұзудан қорғап, оны халық игілігіне тиімді пайдалануды негізгі міндетіміз деп білеміз.

Орман өртінен кейінгі көрініс жан түршігерліктей. Көрікті демалыс орындары қара күйе ағаш бағандары мен өңсіз құлаған ағаш үйінділеріне айналады. Олардың басым көпшілігі–сөндірусіз қалдырылған от, тұтанған темекі қалдықтары мен шырпы, құрғақ шөпті жағу болып табылады. Жаз мезгілінің басы мен орта кезі орман үшін өте қауіпті мезгіл, ыстық та аңызак, соңғы қатты желге айналған. Былтырғы жылғы шөпті өсімдіктер, түскен жапырақтар

әбден кеуіп, жану материалдарына айналады. Жыл өткен сайын өрттен келетін зиян ұлғайып барады. Өрт қауіпті мерзімде мемлекеттік орман қоры аумағында жас қылқан жапырақты орман отырғызылған жерде, бұрын болған өрт орындарында, бүлінген орман учаскелерінде, жарылған ағаш қалдықтары мен дайындалған ағаш отындары бар орман ішіндегі ағаш кесетін жерде, кеуіп қалған шөпті өсімдіктер орындарында, сондай-ақ ағаштардың ұшар басы маңында от жағуға тыйым салынады. Мемлекеттік орман қоры жерлерінде және жасыл отырғызуларымен тікелей іргелесіп жатқан учаскелерде құрғақ шөпті, тал-шыбықтарды, бұталарды орман алаңында, орман ішіндегі ашық жерлерде, шалғында, жайылымда, орылған егістің орнында жағуға тыйым салынады.

Серік Ибраев,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің ОӘСС меңгерушісі.

Табиғатқа қамқор болайық!

Жер бетін мекен тұтқан барша адамзат баласы болсын, жалпы тіршілік иелері болсын, айналаөздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Расында айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс бір бірлерімен үйлесіп қашанда жер анаға сән беріп тұрады. Сонда да болса ашкөз адамдар тарапынан жіберіліп отырған қорқауға тән зияндылықтар, олқылықтар ашкөздік танытып жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты рұқсатсыз беталды атып құрту, қолдан өрт тудыру сындықасіреттер табиғат байлықтарына адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру,сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі–таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап,ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білеміз. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасқанә бүлдірушілерден сақтай білейік.

Бекзат Өтенбай,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Сексеуілді қорғайық!

Қазіргі уақытта аудан көлемінде көптеген жеке азаматтар рұқсат қағазынсыз, заңсыз сексеуілді сындырып, тамызық отын ретінде пайдалануға әрекет етуде. Бұл үлкен қылмыстық жауапкершілікке апарып соғады. Осы кезде олар от жағып, түрлі ас мәзірлерін әзірлеп жүрген сәттерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның кесірінен қорықты аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін. Сіз бен біз өзіміз өмір сүріп отырған қоршаған ортаға өле-өлгенше қарыздармыз. Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескере бермейді. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер бетіндегі барлық жануарлар дүниесі үшін де адамзат баласы үшін де тіршілік негізі–таза ауа екені баршамызға белгілі.

Нартай Мұханов,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшының көмекшісі.

Жемқорлықтың жолын кесу-азаматтық парыз

«Коррупция» термині латын тілінің «corrumpere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл-субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық- бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушылықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін түсіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рөл атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабылдау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

М.Дәулетбаев,

Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығы, майор.

Паразитарлық аурулар туралы не білеміз?

Паразитарлық аурулар – адам ағзасында паразиттер (құрттар, қарапайымдар, кенелер және т.б.) тіршілік етуінен туындайтын аурулар тобы. Бұл аурулар адам денсаулығына айтарлықтай зиян келтіреді, кейде созылмалы түрге ауысады.

Негізгі белгілері:

-іштің ауыруы, тәбеттің бұзылуы, -әлсіздік, бас ауруы, -тері қышуы, -іш өту немесе іш қату, -кейде дене қызуының көтерілуі.

Жұғу жолдары:

-жуылмаған көкөніс, жеміс және лас су арқылы, -кір қолдан, -шикі немесе шала піскен ет, балық тағамдары арқы-

лы,

-жануарлармен және топырақпен жанасқанда.

Алдын алу шаралары:

-қолды жиі және сабындап жуу,

-тағамды жақсылап пісіру,

-жеміс-жидекті мұқият жуу,

-таза суды пайдалану,

-жеке гигиенаны сақтау

және үй жануарларына уақтылы дегельминтизация жасау.

Қорытынды:

Паразитарлық аурулардың алдын алу–ең алдымен тазалық пен гигиенаны сақтау. Денсаулықты қорғаудың басты шарты–таза қол мен дұрыс тамақтану.

Х.Оспанов,
аудандық СЭББ басшысы.

Созақ аудандық ардагерлер кеңесі Қайнар ауылдық ардагерлері бастауыш ұйымының төрағасы
Көпенұлы Медеудің
қайтыс болуына байланысты отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

1930 жылы алғашқы саны жарық көріп, Созақ халқын қуанышқа бөлеген аудандық тұңғыш басылым-«Социалды шаруа»-«Созақ үні» газетінің 95 жылдық мерекесі түрлі іс-шаралардың аясында лайықты аталып өтуде. Бұл ұзақ жылдан бері осы басылымнан қол үзбей келе жатқан маған да тың серпін беріп, қолыма қалам алдырды...

Қарап отырсам, осыдан дәл 50 жыл бұрын сол кездегі аудан айнасы атанған «Молшылық үшін» газетінің редакциясына барып, есігінің тұтқасын алғаш рет ұстаған екенмін. Ол кезде Қызылкөл бөлімшесіндегі М.Әуезов атындағы мектептің 8 сынып оқушысы едім. Әжептеуір есейіп, өлең құрастырып, мектеп өміріне қатысты қысқа мақалалар да жазып жүрген кезім. Реті келген күні бір-екі өлеңім мен мақаламды қалтама салып алып, ауданға тартып кеттім. Ең бірінші шаруам-кітап дүкеніне соғып, кітап алу болса,



деген сайын сақалын бояйды» дегендей, тым артық кеткенімді білдім. Бірақ, «Айтылған сөз, атылған оқ», орныма отырып, аудан башысының жауабын күттім. Жоқ, Досекең мен ойлағандай ашуға берілместен керісінше айтқан сындарымды түсіністікпен қабылдап, қолымды қысып, өз ризашылығын білдірді. Бәлкім мен де себепкер болған шығармын, содан көп ұзамай-ақ аудандық «Молшылық үшін» газеті техникалық сапасы жағынан да, көркемдік мазмұны жағынан да жақсарып, оқырман сүйсіне қарап, тұшына оқитындай басылымның біріне айналды.

Мен бұл естеліктерді өзімді дәріптеп, мақтау үшін емес, бүгінгі бас газетіміз-«Созақ үнінің» сапасын арттыруға да бір көмегі тиер деген оймен жазып отырмын. Осы уақытқа дейінгі өмірлік тәжірибемде мынаны байқадым. Кез келген мәселеде сын айтылу керек. Тек, ол-әділ әрі шын сын болсын. Сонда ғана іс-әре-

Аудан айнасының абыройын асқақтатайық!

екінші шаруам-«Молшылық үшін» газетінің редакциясына кіре кету еді. Жолым болып, кітап дүкенінен көптен арман болып жүрген М.Мақатаев пен Ж.Молдағалиевтің кітаптарын сатып алдым. Қуанышымда шек жоқ. Мақатаевтың кітабын жолай оқып, ойға батып келе жатып екінші шаруам-редакцияның алдына келгенімді де байқамай қалыппын. Тұтқасын ұстағанда барып, өзімнің қай есіктің алдында тұрғанымды біліп, ішке кіруге жүрегім даулымай тоқталып қалдым. «Іштен біреу-міреу шығып қалса екен» деген ойым да орындала қоймай, біраз тұрған соң кейін қарай бұрыла бердім. Одан кейін де «бар күшімді жинап барғаныммен» ішке кіруге батылым жетпей, сол есіктің алдынан екі рет қайтқаным әлі күнге дейін есімде. Ары қарата ішке кіргенім де, бір бөлмеге әрең сыып отырған газеттің әдеби қызметкерлерімен танысып, имене жазбаларымды бергенім де, алғаш рет тырнақалды өлеңім мен мақалам шығып, қалай қуанғаным да есімде сайрап тұр.

1976 жылы аудандық комитеттің тапсырмасы деп газеттің барлық жас тілшілері аудан орталығында бас қостық. (Бұл менің жоғарғы оқу орнынан «құлап» келіп, әкеме көмекші шопан болып, шықсын-шықпайсың, өлеңді де, мақаланы бұрқыратып жазып жүрген кезім еді). Қазір есімде жоқ, жиынды салмақ-дәрежесі жоғары бір басшы ағамыз жүргізді. Қысқасы, барлық жас тілшілер болып ауданның айнасы саналатын «Молшылық үшін» газетінің жетістіктері мен кемшілік жақтарын талқылап, сапасын жақсарту жөніндегі ой-пікірлерімізді ортаға салдық. Жан-жақтан келген жас тілшілердің басымы көпшілігі газеттің жақсы жақтарына ғана тоқталып, мақтау-мадақтауларын білдіріп жатты. Ал, мен болсам... Ақыры маған да кезек келді-ау... Орнымнан тұрдым да өзімді көптен бері мазалап жүрген ойларымды түйдектете жөнелдім:

- Өзі 4-ақ беттен тұратын газеттің

бірінші бетінің жартысын ТАСС хабарлары алса, қалған беттері Одақтық, Республикалық пленум мен басқа жиналыстардың қаулы-қарарларымен толады. Ал, аудан өмірінен тек қой шаруашылығы мен егін шаруашылығы жайлы мақалалар ғана жарияланады. Сонда, Созақ ауданының кейінгі жастарының бәрі шетінен тек қойшы, егінші ғана болып шығуы керек пе?-деп ішкі ренішімді де, газеттің атауы мен айдарларының атауын жаңа заманға сай өзгертіп, әдеби-шығармашылық бет ашу керек-деп ұсыныс-пікірімді де айтып барып бір-ақ тоқтадым. Сөзімді бөлмей соңына дейін тыңдаған басшы ағамыз өз кезегінде біраз жайттарды байыппен түсіндіріп берді. Тек «Молшылық үшін» ғана емес, қазақстанның барлық газетінде ТАСС хабарлары мен Пленум қарарлары тек Орталық Комитеттің тапсырмасы бойынша жарияланатынын, оларды алып тастай алмайтынын айта келіп, газеттің аты мен айдарларының атауын өзгертіп, әдеби-шығармашылық бет арнау жағын да қарастыруға сөз берді. Ол кезде сөз берілсе, орындалатын еді. Көп ұзамай газет бетінен эмблема-сымен қоса бейнеленген тартымды айдарлар орын алып, ең соңғы бетінде апта сайын көркем-әдеби шығармалар жариялана бастады.

1985 жылы ауданға басшы болып Д.Шерімқұлов ағамыз келді. Ол кісі келген бетте-ақ шығармашылық адамдарымен жүздесіп, оларға қамқорлық та көрсете бастады. (Соның бір дәлелі-аудан көлемінде қатынайтын автобустарда тегін жүріп, бір мәз болып қалған едік).

Сол жылдың күзі болу керек, аудандық Кеңестің тапсырмасы бойынша «Молшылық үшін» газеті бетінде өзіндік қолтаңбаларын қалдырып үлгерген біраз шығармашылық жастар тағы да аудан орталығында бас қостық. Жиынды Досыбай ағамыздың өзі жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі-бас газетіміздің жетістіктері мен

кемшілік жақтарын ортаға салып, сыртқы және ішкі көркемдігін де жақсарту жолдарын қарастыру екен. Бұл жолы да шалғай совхоздардан келген жастар көбірек сөз алып, ой-пікірлерін ортаға салды. Бұл жолы да газет туралы жақсы пікірлер мен мақтаулар басымырақ айтылып, біраз кемшіліктерін «жіпке тізіп» келген менің жан-дүнием алай-түлей болып жатты. Бірақ, бұрынғыға қарағанда сәл де болса есейіп, «ақылым кіріп қалған» кезім ғой, жақсы деп те, жаман деп те білгісінбей, қалыс қалайын деген шешімге табан тіреп, жиналыстың тезірек аяқталуын тіледім. Алайда, олай болмады. Жиналыстың соңына таман Досекең орнынан тұрып, маған күлімсірей қарап: Айдарбеков, сенің де айтарың бар шығар? Жап-жақсы өлеңдер мен мақалалар жазып жүрсің. Сурет маманысың. Басылым бетінен бізге деген өкпе-ренішің де көрініп қалып жатады. Жақында ғана газеттен аудандық газ мекемесі туралы жазған өлең фелетоныңды да оқыдым. Олай болса, сені де тыңдап көрейік. Газеттің көркемдік сапасы, ішкі мазмұны, безендірілуі жайлы не айтасың?-деді. Бұлай сөз беріледі деп ойламап едім, аяқ астынан не айтарымды білмей біраз дағдарып қалдым. Әйтсе де, шашырап кеткен ойларымды қайта жинақтап алып, газеттің біраз кемшілік жақтарын айтып шықтым. Кейбір ауданның газеттерімен салыстырғанда сыртқы көрінісі жағынан болсын ішкі көркемдік мәні жағынан болсын бас газетіміздің сапасы төмен екенін айтып, оған дәлелдер келтірдім. Қанша тырысқаныммен өзімді де, сөзімді де тежей алмай тағы да қызулыққа беріліп: -Сүйсіне қарайтын сыртқы көркі жоқ, тұшына оқитын ішкі мән-мазмұны жоқ, бас газетіміздің бүгінгі сапасы тіптен сын көтермейді. Тіпті тамақ жеп болған соң қол сұртуге де жарамайды, өйткені, баттаса жағылған бояуы оған да мүмкіндік бермейді-деп барып әрең тоқтадым. «Бояушы бояушы

кетте ілгерілеу, жаңаға ымытылу байқалады. Сондықтан, үлкен болайық, кіші болайық, бас газетіміз жақсара түсу үшін қажет кезінде оны сынай да білуіміз керек, қолымыздан келгенше демей де білуіміз керек.

Сөзімнің соңында ғасырға жуық тарихы бар басылымның бүгінгі ахуалы жайлы да бір-екі ауыз ғысын-пікірімді айта кетуді жөн көрдім. Көз салып көрсем, ауданымыздың Бас басылымы саналатын «Созақ үні» газетіне осы жылы бар болғаны 3250-дей ғана адам жазылған екен. Мекеме, өндірістерді айтпағанда, жалпы саны 63 мыңнан асып жығылатын тұрғылықты халықтан өз газетін құрметтейтін, бағалайтын, жанашырлық танытатын тым болмаса 6 мың адам да шықпапты. Бұл елділімізге де, азаматтығымызға да сын деп ойлаймын.

Кешеге дейін баспасөзге жазылу кезінде әрбір жан ең алдымен аудандық онан кейін барып облыстық газетке жазылатын, тіпті соған міндеттелетін және одан жаман болып қалған ешкімді көрмедім. Олай болса, сол бұрынғыдай, алайда ешкімнің міндеті мен нұсқауынсыз-ақ ел болып, халық болып өз газетімізге түгел жазылып жатсақ, бізге кім кедергі болады? Неге солай етпеске? Қысқасы, ауданымыздың айнасы-«Созақ үні» газетінің жақсы не жаман болмағы, құрметтелуі не қадірсіз болуы тек созақтықтардың мына өзіміздің ғана қолымызда. Ауызбіршілігіміз мықты болып, жұдырықтай жұмыла білсек, бас газетіміз-«Созақ үні» де абыройы асқақтап, ең беделді басылымның біріне айналары даусыз. Оған сенімім кәміл.

Байділдә АЙДАРБЕК,
Ақын, драматург, жазушы.
Ы.Алтынсарин атындағы және
Мәдениет саласының үздігі
төсбелгілерінің иегері.
Созақ ауданының Құрметті
азаматы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Мақсат Қарғабай

Жауапты хатшы:
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілші
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрмаш Тұрғанов

Қолжазбалар еңделеді, қайтарыпмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана

Кезекші редактор:

Н.Шертаев